

Дархан Нұрланұлы БІЛАЛОВ

PhD докторы, Назарбаев Университетінің «Талап» ПОҚ даму бағдарламасының және «Болашақ» президенттік бағдарламасының стипендиаты.

Д.Н. Білалов 1984 жылы Семей қаласында (ШҚО) туып, сонда орта мектепті бітірген. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Солтүстік-Батыс университетін (Northwestern University), Пенсильвания мемлекеттік университетін (АҚШ) бітірген. Ол білім алған оқу орындары АҚШ-тағы ең танымал US News & World Report рейтингісі бойынша екінші орында болды.

Ол отандық және халықаралық білім берудің әртүрлі аспектілерін зерттеумен айналысты және 2004 жылдан бастап басқа да ғылыми жобаларға қатысты. Дүниежүзілік Банк, БҰҰ Даму Бағдарламасы, ҚР БҒМ биотехнология орталығы сияқты ұйымдарда, сондай-ақ Американың екі университетінде – Солтүстік-Батыс университеті және Пенсильвания мемлекеттік университетінде жұмыс істеді. Одан кейін 10 жылдай Назарбаев Университетінде әкімшілік қызмет атқарып, сабақ берді. 2021 жылдың маусым айынан – 2023 жылдың тамыз айына дейін «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректоры қызметін атқарды.

Д.Білалов көптеген ғылыми және аналитикалық еңбектердің авторы.

Дархан Биляловқа шетелде білім алу көп нәрсе берді. Атап айтқанда, жаңа білім мен дағдылар қалыптастыру, оқытушыларды жалдау, инфрақұрылымды дамыту, студенттерді жалдау, серіктестермен келіссөздер жүргізу, мектеп құрудың ТЭН-ін әзірлеу және т.б. сияқты түрлі іс-шараларды ұйымдастыру. Ол көп жыл бойы қазақстандық білім берудің түрлі аспектілерін жақсарту бойынша жұмыс істеді. 2015-2020 жылға дейінгі Қазақстанда білім беру реформасының стратегиялық бағыттарын әзірлеу жөніндегі жобаны үйлестіруге («білім беруді дамытудың Жол картасы» жобасы), Дүниежүзілік банк, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ), Еуропалық комиссия, ЮНЕСКО, ЕҚДБ және ҚР үкіметі қаржыландыратын жобаларға қатысты. Д.Білалов бірқатар жобаларда PI (Principal Investigator) қызметін атқарды, соның ішінде «Білім қоғамындағы академиялық мамандық» халықаралық жобасы шеңберінде ПОҚ-ның жалпыұлттық сауалнамалық зерттеу, Астана қаласы мұғалімдерінің білім беру реформаларына дайындығы, ТЖКБ педагогтары мен мектеп мұғалімдерін салыстырмалы зерттеу, Abai University ректоры бола отырып, алған білімдерімен бөлісіп және сүйікті саласын дамытуға ат салысты.